

**"Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің аумақтық органдары мен мамандандырылған мемлекеттік мекемесінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 2-нқ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 432-НҚ бұйрығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы № 515 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржылық мониторинг агенттігі туралы Ереженің 19-тармағының 8) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің аумақтық органдары мен мамандандырылған мемлекеттік мекемесінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 2-нқ бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережеде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің Астана қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ереже".

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің Астана қаласы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның қарауына жатқызылған экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру жөніндегі функцияларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының қаржылық мониторинг агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) аумақтық органы болып табылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Департаменттің заңды мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Желтоқсан көшесі, 43.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің Астана қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.".

2. Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Құқықтық қамтамасыз ету департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет миинистрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Агенттіктің Астана қаласы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментіне:

1) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты өздерінің интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*  
*Қаржылық мониторинг*  
*агенттігінің Төрағасы*

*Ж. Элиманов*